- аккредитив ашу (ұсыну) және растау, олар бойынша міндеттемелерді орындау;
- ақшалай орындауды қарастыратын банктік кепілдіктер беру;
- ақшалай орындауды қарастыратын үшінші тұлғалар үшін банктік кепілдемелер мен басқа міндеттемелер беру;
- ұлттық және шетел валютасында басқа операциялар;
- лизингтік қызмет атқару;
- меншікті бағалы қағаздар (акцияларды қоспағанда) шығару;
- факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдап, сатып алушыдан тауарлар (жұмыстар, қызметтер) төлемін тұтыну құқықтарын иелену;
- форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): сатушыға айналымсыз вексельдерді сатып алу арқылы тауарлар (жұмыстар, қызметтер) сатып алушысының қарыздық міндеттемесін төлеу.
- сейфтік операциялар: құжат түрінде шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құнды заттарын сақтау, оның ішінде сейф жәшіктерін, шкафтар мен орын-жайларды жалға беру қызметтері.

2) Бағалы қағаздар нарығындағы қызмет:

- Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызмет

8. Акционерлік қоғамға немесе оның шығарған бағалы қағаздарына халықаралық рейтинг агенттіктерінің және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктерімен берілген рейтингтері туралы мәліметтер.

Standard&Poor's (S&P) халықаралық рейтингтік агенттігі Банкке контрагенттің «B-/C» деңгейіндегі ұзақ және қысқа мерзімді «B-/C» және ұлттық деңгей бойынша «kzBB-» рейтингін иелендірді. Рейтингтің өзгерім болжауы - «Тұрақты».

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген мерзімдері, орналасқан жерлері және пошталық мекенжайлары

№	Филиал атауы	Есептік тіркелген күні	Филиалдың орналасқан жері, пошталық мекенжайы
1.	«Qazaq Banki» АҚ Алматы қалалық Филиалы	16.07.2009ж.	Алматы қ., Алмалы ауданы, Абытай хан даңғ., 59/1 үй, 050004
2.	«Qazaq Banki» АҚ Астана қаласындағы Филиалы	21.12.2012ж.	Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев к-сі, 14/3 үй, «Нұрсая» БО, 010000
3.	«Qazaq Banki» АҚ Ақтөбе облысы бойынша Филиалы	30.12.2009ж.	Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан даңғ., 65-үй, 030000
4.	«Qazaq Banki» АҚ Қарағанды облысы бойынша Филиалы	11.12.2014ж.	Қарағанды қ., Бұхар Жырау даңғ., 48-үй, 100000
5.	«Qazaq Banki» АҚ Алматы облысы бойынша Филиалы	22.12.2009ж.	Қаскелең қ., Абылай хан к-сі, 90-үй, 040900
6.	«Qazaq Banki» АҚ Жамбы облысы бойынша Филиалы	07.04.2010ж.	Тараз қ., Жамбыл даңғ., 186-үй, 080000
7.	Филиал АО «Qazaq Banki» АҚ Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Филиалы	21.12.2012ж.	Шымкент қ., Әл-Фараби ауданы, Қонаев бульвары, 31А үй, 160011
8.	«Qazaq Banki» АҚ Атырау облысы бойынша Филиалы	06.11.2014ж.	Атырау қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 13 Б үй, 060011

"Qazaq Banki" АҚ өкілдіктері жоқ.

10. Тиісті алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, аяқталған үш қаржы жылы ішіндегі Банктің қаржылық есептілігінің аудитіп жүргізген аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса - әкесінің аты)

- 2015 жылы – «ALMIR CONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының толық мүшесі болып табылады;
- 2014 жылы – «ALMIR CONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының толық мүшесі болып табылады;
- 2013 жылы – «ALMIR CONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының толық мүшесі болып табылады;
- 2012 жылы – «ALMIR CONSULTING» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының толық мүшесі болып табылады.

Тиісті алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсетіп, соңғы аяқталған үш қаржы жылы ішінде тиісті қызметтер көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілердің толық ресми атауы

Жоғарыда аталған тұлғалармен жасалған шарт бұзылған жағдайда қай тараптың бастама көтергендігін көрсетіп, шарттың бұзылу себебі туралы ақпаратты беру керек.

Заң және қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілермен шарттар жасалмады.

11. Қоғамның корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (қабылдау қоғам жарғысымен қарастырылған жағдайда)

Корпоративті басқару кодексі «Qazaq Banki» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 20.05.2013ж. шешімімен бекітілген.

2. ЭМИТЕНТТІҢ ОРГАНДАРЫ:

12. Эмитент органдарының құрылымы.

«Qazaq Banki» АҚ (бұдан әрі – Банк) Жарғысына сәйкес Банктің органдары:

- ✓ Жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- ✓ Басқару органы–Директорлар кеңесі;
- ✓ Атқарушы орган – Басқарма;
- ✓ Бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.

Банк органдарының құзыры Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банк Жарғысына сәйкес айқындалады.

Акционерлердің жалпы жиналысы:

- 1) осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкті ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарының конвертациялану, сондай-ақ өзгеру шарттары мен тәртібін айқындау;
- 6) Банктің жай акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау талаптары мен тәртібін анықтау;
- 8) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін уақытынан бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттіктер мерзімін белгілеу, мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін уақытынан бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақылардың мөлшері мен төлеу, міндеттерін орындағаны үшін директорлар кеңесінің мүшелеріне шығындарды өтеу шарттарын белгілеу;
- 10) Банк аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) Банктің есеп берілетін қаржы жылы үшін таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау және Банктің бір жай акциясына келетін есеппен дивидендтер мөлшерін бекіту;
- 13) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтердің төленбеуі туралы шешім қабылдау;
- 14) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) Банкке тиесілі бүкіл активтердің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін тапсыру (алу) арқылы Банктің басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысу немесе олардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешімдер қабылдау;
- 16) Банктің акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысының шақырылуы туралы берілетін хабарламаның нысанын анықтау және мұндай ақпараттың бұқаралық ақпараттар құралдарында орналастырылуы туралы шешімдер қабылдау;
- 17) Банк «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесіне енгізілетін өзгертулерді бекіту (құрылтай шартымен бекітілмесе, әдістемені

бекіту);

18) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) Акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпараттың ұсынылу тәртібін белгілеу, соның ішінде Банк жарғысымен анықталса, бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

20) ол бойынша шешім қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған басқа да мәселелер.

Директорлар кеңесі

1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау, сондай-ақ жылдық шоғырландырылған бизнес-жоспарын мақұлдау және оны өзгерту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) акцияларды орналастыру (тарату), соның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (таратылатын) акциялардың саны, орналастыру (тарату) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы, сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Банктің облигациялар және туынды бағалы қағаздар шығарылымының талаптарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшерін және еңбекақы төлену және сыйлықақы берілу шарттарын белгілеу;

10) ішкі аудит басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит басқармасының жұмыс тәртібін, ішкі аудит басқармасының жұмыскерлеріне төленетін жалақы, сыйақы мөлшерін және төлеу талаптарын анықтау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктер мерзімін анықтау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін, сыйақы төлеу талаптарын анықтау;

12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банк акцияларының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушының қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;

13) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар жатпайды), соның ішінде Банктің бағалы қағаздарына аукциондар және жазылу өткізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

14) Банктің филиалдарын, филиалдары мен өкілдіктерінің оқшауланған құрылымдық бөлімшелерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін) он және одан артық пайызын сатып алуы (иеліктен айыруы) туралы шешім қабылдау;

16) Банктің міндеттемелерін өзінің меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға арттыру;

17) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының

құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;

18) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

19) ірі мәмілелерді және Банк жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылмаған басқа да мәселелер.

Басқарма:

1) Банктің атынан әрекет етеді, оның ішінде оның мүддесін ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіппен Банктің атынан мәмілелер жасасады;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Акционерлердің Жалпы жиналысының және Банктің Директорлар кеңесінің ерекше құзырына жатқызылмаған Банктің ағымдағы қызметі бойынша мәселелерді қарастырады;

4) жұмыскерлерін Банктің Директорлар кеңесі тағайындайтын және өз қызметінде оған есеп беретін Банктің құрылымдық бөлімшелерін қоспағанда, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басқарылу мәселелерін шешеді;

5) Банк жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасын орындауын қамтамасыз етеді;

6) банктік және өзге операцияларды орындау кезінде туындайтын мәселелерді шешеді;

7) Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарастырып, бекітеді;

8) кадрлар штатын бекіту, іріктеу, лауазымға орналастыру және дайындау мәселелерін шешеді;

9) Банктің барлық жұмыскерлері орындауға міндетті болатын шешімдерді (қаулыларды, өкімдерді, бұйрықтарды және басқа да актілерді шығарып, нұсқаулар береді;

10) есепті, есептілікті, ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

11) Банк Басқармасы Төрағасының ұсынуымен Банк Басқармасының қарауына енгізілген басқа да мәселелерді шешеді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен, Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген басқа да функцияларды орындайды.

Банк Басқармасының Төрағасы:

1) акционерлердің Жалпы жиналысының және Банктің Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен арадағы қарым-қатынастарды Банктің атынан сенімхатсыз әрекеттенеді;

3) Банкте оның үшінші тұлғалармен арадағы қарым-қатынастарында Банкті таныстыруға құқық беретін сенімхаттарды береді;

4) Банк жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды, орнын ауыстырады және жұмыстан босатады («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда), оларға қатысты ынталандыру шараларын қолданып, тәртіптік жаза тағайындайды, Банк басқармасы мен Банктің ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банктің лауазымдық жалақыларының және жалақысына үстеме ақылардың мөлшерлерін белгілейді, Банк жұмыскерлеріне берілетін сыйақылардың мөлшерін белгілейді;

5) орнында болмаған жағдайда өз міндеттерін Банк Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

6) міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаласын Банк Басқармасы

мүшелерінің арасында бөледі;

7) осы Жарғымен және Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген басқа да қызметтерді орындайды.

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ):

- 1) ішкі бақылау жүйесінің орындылығы мен тиімділігін тексеру;
- 2) Банк тәуекелдерін (несиелік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, операциялық тәуекелдер, ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері және өзге де тәуекелдер) басқару жүйелерінің тиімділігін тексеріп, оларға баға беру;
- 3) комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін (дұрыс, толық және уақытылы болудың ескерілуімен жүйенің ұйымдастырылуын, анықтау, өлшеу, бағалау, бақылау, іс-қимыл қолдану және есептілік процестері мен процедураларының, басқару ақпаратын тиімділігін) тексеру;
- 4) жыл сайын заңсыз жолмен алынған табысты заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару процестері мен процедураларының тиімділігін тексеру;
- 5) Банк саясаты мен процедураларының тиімділігін тексеру және бағалау;
- 6) Банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің қызмет ету тиімділігін тексеру, оған қоса деректер қорының біртұтастығын қадағалау және оларға рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау, күтпеген жағдайларға арналған іс-әрекеттер жоспарларының болуы;
- 7) қаржылық және жүйелі есептілік негізінде құрастырылған бухгалтерлік есепті және ақпарат жүйесінің сеімділігін бағалау;
- 8) басшылық пен уәкілетті органға есептіліктің уақытылы, толық, дұрыс берілуін қамтамсыз ету үшін бухгалтерлік есеп жүргізу процестері мен тәртібінің, оның ішінде Банк Бөлімшелері арасындағы өзара әрекеттестік процестерінің тиімділігін тексеру;
- 9) мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес дұрыс, толық, объективті әрі уақытылы ұсынылуын тексеру;
- 10) Банк ресурстары мен Банк мүлігі мен активтерінің сақталуын қамтамасыз етудегі қолданылатын тәсілдердің (әдістердің) орынды болуын және тиімділігін бағалауы;
- 11) Банк жүргізетін операциялардың экономикалық орындылығы мен тиімділігін бағалау;
- 12) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;
- 13) Банк Бөлімшелерінің Банк персоналын басқару мәселелері бойынша жұмысына баға беру;
- 14) басқарушы жұмыскерлердің функционалдық міндеттерін, сондай-ақ олар орындайтын басқа да іс-әрекеттерді Банктің қызметін басқару өкілеттіктері мен функцияларының концентрациясын анықтауға тексеру;
- 15) анықталған тәуекелдер деңгейінің азаюын қамтамасыз ететін Банк Бөлімшелері мен органдарының тексерілу нәтижесі бойынша Банк Бөлімшелері мен органдары қабылдаған шаралардың тиімділігін бақылау немесе Банк Бөлімшелері мен органдарының басшылығы анықталған тәуекелдердің Банк үшін қолайлығы туралы қабылдаған шешімді құжаттау;
- 16) Банк Басқармасының сұрауымен ішкі бақылау принциптерінің ұстануына қатысты нақты мәселелер бойынша, сондай-ақ қайта ұйымдастыру мәселелерін, қызметіне қатысты анағұрлым маңызды мәселелерді қарастыру, Банктің жаңа Бөлімшелерін құру, соның ішінде тәуекелдерді бақылау жүйелерін, ақпаратты немесе ақпараттық технологияларды басқару жүйелерін құру немесе қайта ұйымдастыру кезінде ұсынымдар беру;
- 17) Банктің стратегиялық мақсаттарының аясында алдарына қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Банк Бөлімшелері мен органдары қолданатын шаралардың орындылығына баға беру;
- 18) ұсынымдардың орындалуы мен бұзушылықтардың жойылуын мониторингтеу;
- 19) корпоративтік басқарудың қабылданған принциптерінің, Банктің тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтардың енгізілуін және орындалуын бақылау;

- 20) Банктің тиісті органдары мен Бөлімшелерінің тәуекелдер мен ішкі бақылауға қатысты мәселелер бойынша ақпарат алу тиімділігін бағалау;
- 21) Директорлар кеңесіне, Банк Басқармасы мен Бөлімшелеріне ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерінің ұйымдастырылу мәселелері бойынша кеңес беру. Кеңес беру көмегі негізгі функциялар мен міндеттердің орындалуына немесе Қызметтің жауапкершілігі мен тәуелсіздігіне кедергі келтірмеуі тиіс;
- 22) Қызмет жұмыскерлерін кәсіби оқытуға, қайта дайындауға және біліктіліктерін арттыруға бағытталған ұсынымдарды ұсыну;
- 23) ерекше жағдайларда Банктің Директорлар кеңесінің тапсыруымен жылдық аудиторлық жоспарға кірмейтін арнайы тексерулерді өткізу;
- 24) Банк Басқармасымен ішкі және сыртқы аудит мәселелері бойынша өзара әрекеттесу процессін қамтамасыз ету;
- 25) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыры шегінде Қызметке жүктелген өзге де функцияларды орындау.

13. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері

Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы:

Ибрагим Бахыт Жасұзақұлы, 1985 ж.т.

Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері:

Алпысов Болат Кенесович (тәуелсіз директор), 1972 ж.т.

Токсанбаев Ғани Берекетевич (тәуелсіз директор), 1976 ж.т.

Ташметов Мирлан Жапарбекович, 1975 ж.т.

Султангазиев Канат Елеусизович, 1978 ж.т.

Ибрагим Бахыт Жасұзақұлы

Жұмыс атқару кезеңі (қызмет атқара бастаған күні)	Жұмыс орны	Лауазымы (соның ішінде қоса атқаратын)
27.03.2014 ж. - қазіргі уақытқа дейін 11.04.2013ж. -03.02.2014ж.	"Qazaq Banki" АҚ (12.06.2013ж. «СЕНІМ- БАНК» АҚ дейін)	Директорлар кеңесінің төрағасы (тәуелсіз директор) Директорлар кеңесінің төрағасы (Банктің ірі қатысушысы мәртебесін иеленуіне байланысты)
25.09.2015 - қазіргі уақытқа дейін	«Қазақстан Мақтасы» АҚ	Директорлар кеңесінің төрағасы
30.03.2015 ж. - 05.10.2015 ж.	«Aspan Air» ЖШС	Бас Директор
07.08.2015 ж. - 21.10.2015 ж.	«Studio-XXI» ЖШС	Директор
22.10.2014 ж. - 27.10.2014 ж.	«Sakura Energy» ЖШС	Директор
07.11.2013 ж. - 06.10.2015 ж.	"Qazaq Capital" ЖШС	Бас Директор
06.10.2014 ж. - 25.12.2014 ж.	«Umbrella Industries» ЖШС	Президент
23.11.2013 ж. - 25.12.2014 ж.	«AgroGroup 2013» ЖШС	Директор
05.07.12 ж. - 04.09.2013 ж.	"ҚазМұнайГаз қайта өңдеу және маркетинг" АҚ	Бизнесі дамыту жөніндегі Бас директор орынбасарының міндетін атқарушы
01.09.2011 ж. - 23.04.12 ж.	"ҚазТранс ГазАймақ" АҚ	Басқарушы директор
15.02.2010 ж. - 31.08.2011 ж.	«SAKURA Oil Trade» ЖШС	Коммерциялық директор
02.11.2009 ж. - 12.02.2010 ж.	«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	Басқарма Төрағасының Кеңесшісі

Алпысов Болат Кенесович

Жұмыс атқару кезеңі (қызмет атқара бастаған күні)	Жұмыс орны	Лауазымы (соның ішінде қоса атқаратын)
11.04.2013 ж. - қазіргі уақытқа дейін	"Qazaq Banki" АҚ (12.06.2013ж. дейін «СЕНІМ-БАНК» АҚ)	Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)
04.04.2014 ж. - қазіргі уақытқа дейін	«Сәлем» СК» АҚ	Директорлар кеңесінің төрағасы

Ташметов Мирлан Жапарбекович

Жұмыс атқару кезеңі (қызмет атқара бастаған күні)	Жұмыс орны	Лауазымы (соның ішінде қоса атқаратын)
03.03.2016 ж. – қазіргі уақытқа дейін	«Алғашқы Инвестициялық» Акционерлік коммерциялық банк (Жабық акционерлік қоғам)	Директорлар кеңесінің мүшесі
31.03.2016 ж. - қазіргі уақытқа дейін		Президент
30.05.2014ж. - қазіргі уақытқа дейін	«Qazaq Banki» АҚ	Директорлар кеңесінің мүшесі
20.05.2014ж. - 30.03.2016ж.	«Qazaq Banki» АҚ	Басқарма Төрағасы
17.04.2014ж.- 05.06.2014ж.	«GRANTUM Asset Management» ЗАИБЖҰ АҚ (“Казкоммерцбанк” АҚ еншілес ұйымы)	Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің мүшесі
04.04.2014ж. – 30.05.2014ж.	«АЛАТАУ» «Сактандыру компаниясы»	Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің мүшесі
29.10.2013ж.- 30.05.2014ж.	«БТА Секьюритис» АҚ	Директорлар кеңесінің мүшесі
10.07.2013ж.- 17.04.2014ж.	«БТА Банк» АҚ	Басқарма директоры (инвестициялық блок, Казначей, БТА тобының активтерін басқару)
26.06.2012-қазіргі уақытқа дейін	«ИРБИС» қаржы нарығы ақпараттық агенттігі» ЖШС	Бақылау Директорларының мүшесі
		Басқарма мүшесінің Төрағасы инвестиция тобы бойынша (Инвестициялық Комитетінің Басқармасы, зейнетақы және меншікті активтерін инвестициялық басқару)
14.05.2012 – 10.04.2013	«Отан» АЖЗҚ» АҚ	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
30.05.2012ж.– қазіргі уақытқа дейін	«Қазақстан Қор Биржасы» АҚ	Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің мүшесі

Токсанбаев Гани Берекетевич

Жұмыс атқару кезеңі (қызмет атқара бастаған күні)	Жұмыс орны	Лауазымы (соның ішінде қоса атқаратын)
11.12.2012- қазіргі уақытқа дейін	"Qazaq Banki" АҚ (12.06.2013ж. «СЕНІМ-БАНК» АҚ дейін)	Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор)
17.04.2007- 22.10.2012ж.	«Credit Swiss (Қазақстан)»	Вице - президент

	ЖШС	
--	-----	--

Султангазиев Канат Елеусизович

Жұмыс атқару кезеңі (қызмет атқара бастаған күні)	Жұмыс орны	Лауазымы (соның ішінде қоса атқаратын)
29.05.2015 ж. - қазіргі уақытқа дейін	"Qazaq Banki" АҚ	Директорлар кеңесінің мүшесі
01.03.2015 ж. - қазіргі уақытқа дейін	«STL group» ЖШС	Вице-президент
27.09.2012 – 01.02.2015ж.	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	Басқарма төрағасының орынбасары
13.04.2011 – 26.09.2012ж.	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	Басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) әрбір мүшесінің жарғылық капиталға (акциялары /үлестері) және үлестерді көрсетін, еншілес және тәуелді ұйымдардағы қатысуы:

Директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, бар болса – әкесінің аты	Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың саны (дана)	Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы
Ибрагим Бахыт Жасұзақұлы	4 149 204	14.80409885%

Банктің Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Банктің дауыс беруші акцияларының меншік иелері болып табылмайды.

директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) құрамында алдыңғы екі жылда болған өзгерістер

Директорлар кеңесінің 11.12.2012ж. жағдай бойынша құрамы

Директорлар кеңесінің Төрағасы – Кучуков Аян Вахитович
 Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Азбеков Жаркинбек Кыдырбаевич
 Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор - Токсанбаев Гани Берекетевич
 Директорлар кеңесінің мүшесі – Кулатаев Бахытжан Ускенбаевич
 Директорлар кеңесінің мүшесі – Алгазиева Зауре Акылбековна
 Директорлар кеңесінің мүшесі – Татишев Ерлан Нурельдаемович

Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (11.04.2013ж. Хаттама) 11.04.2013ж. бастап:

Директорлар кеңесінің мүшесі Кучуков А.В. мырзаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
 Директорлар кеңесінің мүшесі Азбеков Ж.К. мырзаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
 Директорлар кеңесінің мүшесі Кулатаев Б.У. мырзаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
 Директорлар кеңесінің мүшесі Алгазиева З.А. ханымның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;

Директорлар кеңесінің мүшесі Татишева Е.Н. мырзаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;

«Qazaq Banki» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы 5 адам болып белгіленді;

Ибрагим Бахыт Жасузакулы «Qazaq Banki» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;

Алпысов Болат Кенесович «Qazaq Banki» АҚ тәуелсіз директоры – Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;

Жумашева Бикеш Султановна «Qazaq Banki» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (акционер Идрисов Д.А. мырзаның өкілі) болып сайланды;

Сейдвалиева Жанар Мухатовна «Qazaq Banki» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды;

«Qazaq Banki» АҚ Директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшелеріне берілген өкілеттіктердің мерзімі белгіленді – қайта сайланғанға дейін.

Банктің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 11 сәуірдегі шешімімен (№ 17 хаттама):

Ибрагим Бахыт Жасузақұлы "Qazaq Banki" Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

2013 жылдың 12 сәуірінен бастап, Жумашева Бикеш Султановна "Qazaq Banki" АҚ Басқармасының Төрайымы болып сайланды.

Директорлар кеңесінің 11.04.2013ж. жағдай бойынша құрамы.

Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор – Ибрагим Бахыт Жасузақұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Алпысов Болат Кенесович

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Токсанбаев Гани Берекетевич

Директорлар кеңесінің мүшесі – Жумашева Бикеш Султановна

Директорлар кеңесінің мүшесі – Сейдвалиева Жанар Мухатовна

Ибрагим Б.Ж. Банктің Ірі қатысушысы мәртебесін алуына байланысты тәуелсіз директорлар мәртебесі күшінен айырылды (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 03.02.2014ж. №4 Қаулысы)

Банк акционерлерінің 2014 жылғы 30 мамырдағы Жылдық жалпы жиналысының шешімімен:

Директорлар кеңесінің мүшесі Жумашева Б.С. ханымның өкілеттіктері мерзімінен бұрын аяқталды;

Ташметов М.Ж. "Qazaq Banki" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Директорлар кеңесінің 30.05.2014ж. жағдай бойынша құрамы

Директорлар кеңесінің Төрағасы – Ибрагим Бахыт Жасузақұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Алпысов Болат Кенесович

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Токсанбаев Гани Берекетевич

Директорлар кеңесінің мүшесі – Ташметов Мирлан Жапарбекович

Директорлар кеңесінің мүшесі – Сейдвалиева Жанар Мухатовна

Банк акционерлерінің 2015 жылғы 29 мамырдағы Жылдық жалпы жиналысының шешімімен:

Директорлар кеңесінің мүшесі Сейдвалиева Жанар Мухатовнаның өкілеттіктері мерзімінен бұрын аяқталды;

Султангазиев Канат Елеусизович "Qazaq Banki" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Директорлар кеңесінің 29.05.2015 ж. жағдай бойынша құрамы

Директорлар кеңесінің Төрағасы – Ибрагим Бахыт Жасузақұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Алпысов Болат Кенесович
Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Токсанбаев Гани Берекетевич
Директорлар кеңесінің мүшесі – Ташметов Мирлан Жапарбекович
Директорлар кеңесінің мүшесі – Султангазиев Канат Елеусизович

14. Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері

Ішкі аудит комитеті:

Комитеттің мақсаты Банктің Директорлар кеңесінің ішкі бақылау барабар жүйесінің болуы мен қызметін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін атқаруға көмектесу болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті келесілер жөнінде нұсқаулар таңдау арқылы Банктің Директорлар кеңесіне көмектесу болып табылады:

- 1) Банктің қаржы-шаруашылық қызметін, қаржы есептілігінің толық және шынайы болуын (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) тиімді бақылау жүйесін айқындау;
- 2) Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративті басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;
- 3) сыртқы және ішкі аудит тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау;
- 4) Банктің Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес құзыреті шегінде басқа мәселелер.

Комитет артылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында келесі функцияларды атқарады:

- қаржылық есептілік мәселелері бойынша:

- 1) Банктің басшылығымен және сыртқы аудитормен қаржы есептілігін, сонымен қатар қаржы есептілігінде пайдаланылған принциптердің негізділігі мен қолайлығын, қаржы есептілігіндегі маңызды бағалау көрсеткіштерін, есептілікке енгізілген маңызды түзетпелерді талқылайды;
- 2) Банктің Есептік саясатын алдын ала бекітіп, Банк пен оның жұмыскерлерінің Банктің Есептік саясатын орындауына мониторинг пен бақылау жүргізеді. Банк басшылығымен, сыртқы және ішкі аудиторлармен Банктің Есептік саясатына енгізу ұсынылып (көзделіп) отырған өзгертулерді, осы өзгертулердің есептіліктің мазмұнына қандай ықпалын тигізетінін талқылайды;
- 3) Банк басшылығымен, сыртқы және ішкі аудиторлармен Банктің Есептік саясатына енгізу ұсынылып (көзделіп) отырған өзгертулерді, осы өзгертулердің есептіліктің мазмұнына қандай ықпалын тигізетінін талқылайды;
- 4) Банк басшылығы мен сыртқы аудитор арасындағы Банктің қаржы есептілігіне қатысты кез келген күрделі келіспеушіліктерді қарастырады;
- 5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала мақұлдайды;
- 6) қаржы есептілігіне қатысты басқа да мәселерді қарастырады.

- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша:

- 1) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жайы туралы сыртқы және ішкі аудиторлардың есептерін талдайды;
- 2) Банк тәуекелдерін басқару, ішкі бақылау құралдарының тиімділігін талдайды, осы мәселелер бойынша, соның ішінде Банктің ішкі аудит қызметінің есептері (бар болса) негізінде ұсыныстар мен нұсқаулар енгізеді;
- 3) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігінің бағалануына, бақылануына, мониторингтелуіне қатысы бар басқа да мәселерді қарастырады.

- ішкі аудит мәселелері бойынша:

- 1) ІАҚ қызметін үйлестіреді;
- 2) Банкке ішкі аудит саясатының енгізілуін қамтамасыз етеді;

- 3) ІАҚ ішкі құжаттарының жобаларын, сонымен қоса ҚР заңнамасының саясатты және ішкі аудитті ұйымдастырудың негізгі принциптерін енгізу бойынша талаптарын қамтамасыз ету мақсатында оларға өзгертулер мен толықтыруларды алдын ала қарастырады;
 - 4) ІАҚ туралы ереженің жобасын алдын ала қарастырады, соның ішінде стратегияның, банк атқаратын қызмет түрлерінің, банк қызметінің сипаты мен күрделілігінің; банктің ұйымдастырылу құрылымының; банктің қызметіне тән тәуекелдердің деңгейі мен түрлерінің; ІАҚ жұмыскерлеріне қойылатын біліктілік талаптарының ескерілуімен өкілеттіктер мерзімін, жұмыс тәртібін және сандық құрамын айқындайды;
 - 5) ІАҚ басшысы мен жұмыскерлерін тағайындау (қайта тағайындау, лауазымнан босату), сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және еңбекақы төлеу шарттары бойынша ұсыныстар дайындайды және сол ұсыныстарды Банктің Директорлар кеңесіне (бар болса) жібереді;
 - 6) Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес ІАҚ жұмыскерлері мен басшысын көтермелеу және сыйақы беру туралы ұсыныстарды дайындайды және сол ұсыныстарды Банктің Директорлар кеңесіне (бар болса) жібереді;
 - 7) ІАҚ жоспарларының жобаларын, оның ішінде жылдық жобаларын алдын ала қарастырады;
 - 8) Банктің бюджетін қарастыру кезінде ІАҚ ресурстарының, соның ішінде жұмыскерлерді оқыту ресурстарының жеткілікті болуын қамтамасыз етеді;
 - 9) ішкі аудиттің нәтижелері туралы есептерді (қысқа есептерді) алдын ала қарастырады, кейіннен Банктің Директорлар кеңесіне (бар болса) ұсыныстар дайындайды;
 - 10) ІАҚ алға қойылған міндеттерін тиімді орындауына кедергі келтіріп отырған маңызды шектеулерді қарастырып, мұндай шектеулердің жойылуына ықпал етеді;
 - 11) ІАҚ, қажет болған жағдайларда, қызықтыратын мәселелерге тәуелсіз тексерістердің жүргізілуіне бастама білдіреді. Егер Банктің атқарушы органында ІАҚ қызықтырып отырған мәселесіне тәуелсіз тексеріс жүргізу қажеттілігі туындаса, Банктің атқарушы органының басшысы мұндай тәуелсіз тексерістің жүргізілуіне алдын ала рұқсат алу үшін Аудит жөніндегі комитетке жолығады;
 - 12) Ішкі аудит мәселелері бойынша ІАҚ Банк Басқармасымен өзара ықпалдасу және қызметті үйлестіру процессінің тиімділігіне мониторинг пен бақылау жүргізеді және оның нәтижесі бойынша Банктің Директорлар кеңесіне тиісті ақпарат жолдайды.
- сыртқы аудит мәселелері бойынша:
 - 1) сыртқы аудиторды тағайындау, қайта тағайындау және қызметтерден босату бойынша ұсыныс пен сыртқы аудитормен арада жасалатын шарттың талаптарын бағалау және саралау қорытындысын дайындайды;
 - 2) сыртқы аудиттен ілеспе қызметтердің алынуын алдын ала мақұлдайды;
 - 3) қаржы есептілігіне жүргізілетін жыл сайынғы міндетті сыртқы аудит процессін үйлестіреді және бақылайды;
 - 4) сыртқы аудитормен бірігіп жыл сайынғы және аралық аудиттердің қорытындыларын, оған қоса Банк басшылығының аудит қорытындысы бойынша ақпаратын қарастырады;
 - 5) сыртқы аудитті жұмылдыру саясатының (процедурасының) жобасын алдын ала бекітеді;
 - 6) сыртқы аудитке қатысы бар өзге де мәселелерді қарастырады,

Комитет құрамы Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген

Атауы	Аты-жөні (ж.т.)	Лауазымы (лауазымға кіріскен күні)
Комитет төрағасы	Алпысов Б.К., 1972 ж.т.	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор 02.04.2014ж.
Комитет мүшелері	Ибрагим Б.Ж., 1985 ж.т.	Директорлар кеңесінің төрағасы 13.06.2014ж.
	Ташметов М.Ж., 1975 ж.т.	Басқарма төрағасы – Директорлар кеңесінің

Стратегиялық жоспарлау комитеті:

Комитет Директорлар кеңесіне Банктің ұзақ мерзімді перспективадағы қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды дайындау мәселелерін қоса алғанда, қызметтің (дамудың) басым бағыттарын әзірлеу мәселелері, Банктің стратегиялық мәселелері (даму стратегиясы) бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында құрылған.

Комитеттің құзырына келесі мәселелер кіреді:

• стратегиялық және бюджеттік жоспарлау мәселелері бойынша:

- 1) Банк стратегиясы мен стратегиялық мақсаттарының жобасын алдын ала қарастыру, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сонымен қатар стратегияның орындалуына мониторинг жүргізу және стратегияның ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер саласына және қаржылық әлеуетке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бағалау;
 - 2) жарты жылда кемінде 1 (бір) рет Банктің даму стратегиясының орындалу барысын қарастыру және даму стратегиясын іске асыру шараларының тиімділігіне баға берілуімен және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ұсыныстардың берілуімен ДК есеп беру;
 - 3) Банк қызметінің (дамуының) басым бағыттарына қатысы бар кейбір стратегиялық шешімдерді дайындау және Банктің бекітілген басым даму бағыттарының ұстанылуына баға беру бойынша ұсыныстарға талдау жүргізу және ДК ұсыну;
 - 4) ұзақ мерзімді келешекте Банк атқаратын қызметтің тиімділігін арттыруға қатысы бар кейбір стратегиялық шешімдерді дайындау бойынша ұсыныстарды саралау және ұсыну;
 - 5) Банктің бірігу, қосылу, бөліну, ажырау және түрлену формасында қайта ұйымдастырылуына байланысты кейбір стратегиялық шешімдерді дайындау бойынша ұсыныстарды саралау және ұсыну;
 - 6) Банктің даму стратегиясын жүзеге асыру шараларының жоспарларын алдын ала қарау және мақұлдау;
 - 7) Банктің ДК қарауына шығарылатын, даму стратегиясының орындалу барысы, стратегиялық қызметтің шешуші көрсеткіштерінің (КШК) мақсатты арнауына жету туралы ақпарат қамтылған құжаттарды алдын ала қарастыру;
 - 8) Банктің даму жоспарларын алдын ала қарастыру;
 - 9) стратегиялық инвестициялық жобаларды алдын ала қарастыру;
 - 10) тәуекелдердің жол берілетін деңгейлерін есептеу нәтижесінің әдістемесін алдын ала қарастыру және оларды Банк тәуекелдерінің ағымдағы деңгейімен салыстыру;
 - 11) бюджеттің қалыптасуын қамтамасыз ету және бюджеттің орындалуына мониторинг жүргізу.
- Банктің ішкі нормативтік құжаттарын алдын ала қарастыру мәселелері бойынша:
- 1) тәуекелдердің жол берілетін деңгейін анықтау және есептеу әдістемесін алдын ала қарастыру;
 - 2) Банктің тарифтік саясатын алдын ала қарастыру;
 - 3) капиталды басқару саясатын алдын ала қарастыру;
 - 4) пайдалылықты басқару саясатын алдын ала қарастыру;
 - 5) Банктің тоқтамайтын қызметін басқару саясатын алдын ала қарастыру;
 - 6) Банктің меншікті капиталынан түскен пайыздардың өтімділік тәуекелін басқару саясатын алдын ала қарастыру;
 - 7) нарықтық тәуекелді басқару саясатын алдын ала қарастыру;
 - 8) операциялық тәуекелді басқару саясатын алдын ала қарастыру;
 - 9) ақпараттық технологиялар тәуекелін басқару саясатын алдын ала қарастыру;
 - 10) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін басқару саясатын алдын ала қарастыру;
 - 11) комплаенс-тәуекелді басқару саясатын алдын ала қарастыру;

- 12) комплаенс-бағдарлама (жоспар) саясатын алдын ала қарастыру;
- 13) комплаенс-тәуекелге әкеп соқтыруы мүмкін бұзушылықтардың (оқиғалардың, мәмілелердің) маңыздылығын анықтау тәртібі мен тәсімдерін белгілейтін ішкі құжатты алдын ала қарастыру;
- 14) ішкі бақылау саясатын алдын ала қарастыру;
- 15) Банктің несиелік саясат жобасын алдын ала қарастыру;
- 16) Банк стратегиясының, саясатының және басқа да ішкі құжаттарының Банктің басқарушы жұмыскерлері мен жұмыскерлеріне жеткізілу тәртібін алдын ала қарастыру;
- 17) ДҚ Банктің қызметі туралы басқару ақпаратының ұсынылу тәртібін алдын ала қарастыру.

• тәуекелдерді басқару жүйелерінің жұмыс істеуі және ішкі бақылау мәселелері бойынша

- 1) Банк Басқармасының ішкі бақылау саясатының орындалу тиімділігін мониторингтеу және бағалау;
 - 2) Банктің кредиттік портфелінің сапасын алдын ала саралау;
 - 3) жүйелі есептіліктің толықтығына, дұрыс болуына және уақытылы жасалуына және ұсынылуына мониторинг пен бақылау жүргізу;
 - 4) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, Банктің ішкі және сыртқы аудиторлары ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қатысты берген ұсыныстардың орындалуын бақылау;
 - 5) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша Банктің маңызды тәуекелдері мен бақылау мәселелерін және Банктің тиісті жоспарларын қарастыру үшін Банк басшылығымен жүйелі түрде кездесулер өткізу;
 - 6) Банк пен оның жұмыскерлерінің ішкі құжаттарды орындауын мониторингтеу және бақылау;
 - 7) ДҚ назарына Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;
 - 8) басқарушылық ақпараттың ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер саласына және Банк атқаратын қызметтің күрделілік деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ету;
- 1) өз құзырының шегінде ДҚ шешімдеріне және/немесе Банктің ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес ДҚ басқа да мәселелер бойынша ұсыныстар беру;
 - 2) ішкі бақылауға және тәуекелдерді басқаруға қатысы бар басқа да мәселелерді қарастыру.

Комитет құрамы Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген

Атауы	Аты-жөні (ж.т.)	Лауазымы (лауазымға кіріскен күні)
Комитет төрағасы	Алпысов Б.К., 1972 ж.т.	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор 02.04.2014ж.
Комитет мүшелері	Келимбетов Е.М., 1980 ж.т.	Басқарма мүшесі – Басқарма төрағасының орынбасары 16.07.2013ж.
	Ташметов М.Ж., 1975 ж.т.	Басқарма төрағасы – Директорлар кеңесінің мүшесі 20.05.2014ж.

Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақы жөніндегі Комитет

Комитет белгіленген тәртіппен келесі функцияларды орындайды:

• Кадрлар мәселелері бойынша:

- 1) ұйымдастырылу құрылымын жобасын алдын ала қарастырып, ұйымдастырылу құрылымының ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер саласы мен Банктің қаржылық әлеуетіне сәйкес келуін алдын ала қарастырады;
- 2) басқарушы жұмыскерлер, корпоративтік хатшы, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері және ДҚ тікелей бағынышты болатын басқа да жұмыскерлер лауазымына үміткер

кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарын қою бойынша ұсыныстар дайындайды;

- 3) Банк жұмыскерлерінің біліктілік құрамын қалыптастыруға, кадрлық тәуекелдерді азайтуға бағытталған кадрлық саясаттың әзірленуін қамтамасыз етеді;
- 4) Банктің кадрлық саясатының Банктің стратегиясына, ұйымдастырылу құрылымына, тәуекелдер саласына, қол жеткізілген нәтижелер мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен оны өткізу тәртібіне сәйкес келуіне мониторинг жүргізеді;
- 5) кадрлық резерв жүйесінің, кәсіби өсудің, тұрақты оқыту және біліктілікті арттыру жүйесінің құрылуына ықпал етеді;
- 6) ДК сандық құрамдағы, атқарушы орган өкілеттіктерінің мерзіміндегі, оның басшысы мен мүшелерін сайлаудағы өзгерістер, сонымен қатар Банктің атқарушы органының өкілеттіктері мен жұмыс тәртібін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 7) басқарушы жұмыскерлердің, корпоративтік хатшының және ДК тікелей бағынатын Банктің басқа да жұмыскерлерінің лауазымға тағайындалуына байланысты шешімдерді алдын ала мақұлдайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатады;
- 8) банк қызметтерін ұсыну барысында клиенттерден келіп түсетін үндеулерді қарастыру тәртібінің жобасын алдын ала қарап, бекітеді. ДК Банктің жұмысын жетілдіру мәселесі бойынша жасалған ұсынымдарына мониторинг пен дайындық жүргізеді, сонымен қоса Банк Басқармасының банк қызметтерін ұсыну барысында клиенттерден келіп түсетін үндеулерді қарастыру қызметіне бақылау жасайды.

• Әлеуметтік мәселелер бойынша:

- 1) Банк жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету саясаты мен әлеуметтік қолдау түрлерінің тізімін дайындайды;
- 2) әлеуметтік мәселелердің шешілуіне септігін тигізеді;

• Сыйақы мәселелері бойынша:

- 1) Банк жұмыскерлерінің еңбегін бағалау және сыйақы беру жүйесін әзірлейді;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару үшін ДК мүшелеріне сыйақы беру мәселелері бойынша ДК ұсынымдар дайындайды;
- 3) Басқарма мүшелерінің, корпоративтік хатшының сыйақы беру мәселелеріне қатысты жұмыс нәтижесіне алдын ала баға береді;
- 4) ДК Басқарма мүшелеріне, корпоративтік хатшыға еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттары мен олардың мөлшері жайлы ұсыныстар енгізеді;
- 5) ДК аудит жөніндегі комитетімен бірге ДК ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне еңбекақы пен сыйақы төлену шарттары мен олардың мөлшері туралы ұсыныстар енгізеді;

• Корпоративтік этика мәселелері бойынша:

- 1) іскерлік этика принциптерін әзірлеп, олардың енгізілуіне ықпал етеді;
- 2) қажет болған жағдайда Банк жұмыскерлерінің еңбек заңнамасын, іскерлік әрекет пен іскерлік этика принциптерінің нормаларын бұзуына қатысты мәселелер бойынша қызметтік тексерістердің жүргізілуіне бастамашы болады;
- 3) Банк жұмыскерлері Банктің қызметіне қатысты бұзушылықтар жайлы құпия түрде хабарлай алатын процедураны айқындайтын ішкі құжатты бекітеді.

• Корпоративтік басқару мәселелері бойынша:

- 1) корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ДК ұсынымдар дайындайды;
- 2) корпоративтік басқару саласында туындаған және әлеуетті мүдделер дауының шешілуіне септігін тигізеді;
- 3) ДК мен Басқармаға арналған, Банктің кәсіби беделі мен жұмыскерлерінің корпоративтік ынтасын арттыруға бағытталған ұсынымдарды дайындайды;

• өзге функциялары:

- 1) қажет болған жағдайда тартылатын сыртқы сарапшылармен (кеңесшілермен) корпоративтік басқару, кадрлық қамсыздандыру, сыйақы, әлеуметтік мәселелер, этика мәселелері бойынша өзара әрекеттесіп, ДҚ тиісті ұсынымдарды дайындайды;
- 2) ДҚ тапсыруымен Комитеттің құзырына кіретін басқа да міндеттерді орындайды.

